

«ҚАРЖЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Университетте «Қаржы» мамандығы бойынша жоғарыкәсіптік білім берудің екі деңгейлі құрылымы бар: бакалавриат және магистратура.

Бакалаврларды дайындау 5B050900—«Қаржы» мамандығының білім беру бағдарламасының екі бағыты бойынша жүзеге асырылады: «Банк ісі», «Салық және салық салу».

Магистратурада 6M050900—«Қаржы» мамандығы бойынша дайындық екі бағытта жүргізіледі: бейіндік, ғылыми және педагогикалық. Магистранттар мемлекеттік білім беру гранттары мен ақылы негізде білім алады.

Инновациялық түрдегі экономиканы қалыптастыратын қаржылық заңнаманы жетілдіретін қызметті ынталандыру, ақша-несиелік саясаттың бағытын негіздеу, қаржылық жүйенің даму тенденцияларын талдай алатын және оның елдегі ұдайы өндірістік үдерістерді реттеудегі рөлін анықтай алатын, қаржы және банк ісі салаларындағы ғылыми-педагогикалық кадрлар мен салықтық ұйымдардағы басқару персоналдарының резервін қалыптастыру, шаруашылық жүргізуші субъектілерді, қаржы-несиелік институттардың қызметін бақылайтын және талдайтын, банк ісі, салықтар, қаржылық менеджмент саласындағы жоғары білікті мамандар мен басшыларды дайындауға берілген БББ ерекшелігі болып табылады.

Берілген БББ түлектерге әртүрлі салалар мен меншік формалардағы компаниялардың қаржы-экономикалық және басқарушы, қаржы-несиелік ұйымдарда ақыл-кеңес беру, ғылыми-зерттеулік, жобалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, есептік-сараптамалық қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Қаржы» мамандығының түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие, олардың жұмыспен қамтамасыз етілуіне мүмкіндіктер көп және олар өздерінің кәсіби жұмыстарын экономистер, қаржылық талдаушы, инвестициялық кеңес беруші, қаржылық басқармалардың басшысы, қаржылық директорлар және де басқа қаржылық менеджменттің құралдары мен әдістері, ақша-несиелік реттеуді ұйымдастыру негіздері, ақша-несиелік айналым туралы мағлұматты қажет ететін лауазымдарда жүзеге асырылады.

Кафедра мамандары өзекті білім беру әдістерін, технологияларын, инновациялық білім беру ресурстарын құрастырып, оларды оқу үдерісіне енгізді.

Қазіргі заманғы оқу процессін ұйымдастыру механизмдері қаржы және несие саласында бакалаврларды дайындау үдерісінде дистанциондық технологияларды қолдануға мүмкіндік береді.

Профессорлық-оқытушылық құрамының жоғары біліктілігі, сәйкес келетін материалдық-техникалық базасы, кітапханалық-ақпараттық қамтамасыз етілуі мен білім алушыларға қызмет көрсетуі, отандық және шетелдік ЖОО-мен қарым-қатынастарды дамытуы бакалаврлардың, магистрлардың бейіндік білім беруінің сапалы дайындығының маңызды шарты болып табылады.